

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әбжаппаров Ә. Созақ көтерілісінің қасіреті // Егемен Қазақстан. – 2020. – 7 қазан.
- 2 Қазақ халқының XVIII-XX ғғ. азаттық, тәуелсіздік жолындағы қаһармандық күресі / <https://e-history.kz/media/scorm/281/357/text/text.htm>
- 3 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931-1933 гг. Сборник документов и материалов / Вступ.статья и сост. К.С. Алдажуманов, М.К. Каирғалиев, В.П. Осипов, Ю.И. Романов. – Алматы: Фонд «XXI век», 1998. – 263 с.
- 4 Омарбеков Т. Зобалаң. – Алматы: «Санат» баспасы, 1994.
- 5 Алланиязов Т.К., Таукенов А.С. Шетская трагедия. Из истории антисоветских вооруженных выступлений в Центральном Казахстане в 1930-1931 гг. – Алматы: Фонд «XXI век», 2000. – 164 с.
- 6 Насенов Б. XXIV-XXX кітап. Кәмпескеленгендер. Алматы. Республика архиві сөйлейді. – Алматы: «Алматыкітап» баспасы, 2013.
- 7 Верхотуров Д. «Казахский геноцид», которого не было. – М., Родина, 2021. – 224 с.

АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ҰЙҒЫР СЕПАРАТИЗМІ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Бөпіш Н.Н., магистрант

Ғылыми жетекшісі: PhD, қауымдастырылған профессор

С.Б. Стамбулов,

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

Қарағанды қ.

Ұлттық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемалары барлық уақытта адамзаттың алдында тұрды. Олар XX ғасырдың басында әлемдік соғыс қаупінің шындығына байланысты ерекше резонансқа ие болды, сондықтан қауіпсіздік теориясы мен саясаты дами бастаған кезде олар соғыстардың алдын-алу мәселелерімен анықталды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін осы бағыттағы практикалық саясаттың бір қадамы Ұлттар Лигасын құру болды. Бірақ соғыстың алдын алу мәселелерін шешу мүмкін болмады. Екінші дүниежүзілік соғыс, ал одан кейін «қырғи-қабак

соғыс» басталды. Соңғысының аяқталуы соғыстар мен қарулы қақтығыстардың пайда болуымен белгіленбеді. Халықаралық қатынастардың барлық деңгейлерінде фундаменталды трансформация жүріп, жаһандық және аймақтық қауіпсіздіктің негізгі даму бағыттарына әсер етті. Құрылымдық өзгерістердің ықпалы қауіпсіздік ұғымының да түрленуіне алып келді. Бұрынғы неореалистік парадигманың кемшіліктері байқала бастады. Осындай жағдайда ұлттық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бұл ұғымды соғыстар мен қарулы қақтығыстардың алдын алу шеңберінен тыс кеңейтуді талап етті.

Қауіпсіздік проблемалары қазіргі әлемде көп қырлы, динамикалық және өткір қарама-қайшылықтарға толы жаңа сипаттамаларға ие болды. Бүгінгі өмір бүкіл адамзаттың әлемдік процестерге араласуымен сипатталады, оның жүрісі бұрын-сонды болып көрмеген ғылыми-техникалық прогреспен, жаһандық сипатқа ие болып отырған әлеуметтік, экономикалық, шикізаттық және басқа проблемалардың шиеленісуімен жеделдейді.

Бүгінгі таңда тәуекелдердің трансұлттық сипатына байланысты қауіпсіздікке төнетін қатерлерге қарсы күресудегі тұрақтылықты сақтауға неғұрлым қолайлы стратегияларды құрастыру қиындай түсті. Қауіпсіздік мәселелері мемлекеттердің шекарасынан асып түскен сайын, оларға қарсы күресу қатысушылардың көбейіп, ынтымақтастықтың кеңірек модельдерін қажет етеді. Алайда, кейбір жағдайларда жаһандық әріптестіктің тиімділігі төмен: қауіптер тек кейбір субъектілерге ғана қатысты болып, бүкіл әлемде әртүрлі формаларда пайда болған кезде, ынтымақтастықтың кішігірім схемалары қолайлырақ болып көрінеді. Себебі көптеген қауіп-қатерлер ұзақ қашықтықтарға қарағанда қысқа қашықтыққа оңай ауысады. Осылайша, көрші субъектілер ықтимал қауіпке бірдей ұшырайды. Бұндай жағдай «қауіпсіздік саласындағы өзара тәуелділіктің» пайда болуына алып келіп, мемлекеттерді көрші мемлекеттердің саяси жағдайларына өте сезімтал етеді. Сондықтан аймақтағы субъектілер жалпы қауіпсіздік проблемаларын болдырмау үшін бірлесіп жұмыс істеуге немесе өз әрекеттерін үйлестіруге бейім. Осылай аймақтық қауіпсіздіктің архитектурасы пайда болады. Биполярлы әлемнің құлдырауынан кейін аймақтану үдерістері қайтадан жанданып, көптеген акторлар жаңа интеграциялық жобаларға араласа бастады.

Қырғи қабақ соғыстан кейінгі аймақтық интеграциялардың дамуы, бір аймақ ішіндегі саяси акторлардың қауіпсіздік саласындағы

өзара тәуелділігі бір актордың іс-әрекеті немесе қиындығы көршілес басқа акторға тікелей әсер ететіндігін көрсетеді. Бұл тұрғыда Орталық Азия Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі жаңа халықаралық тәртіпте өзінің геостратегиялық, геосаяси және геоэкономикалық орналасуымен айтарлықтай назар аударады.

Орталық Азияның геосаяси маңызы айқын. Ол Батыс пен Шығыстың қиылысында орналасқан. Оған қоса Орта Азия көптеген энергетикалық ресурстарының бай қорымен танымал болуы аймақты одан сайынтартымды етеді. КСРО ыдырағаннан кейінгі билік вакуумының пайда болуы аймаққа көз тіккен ұлы державалардың арасындағы бәсекелестікті күшейтіп, Орталық Азиядағы «Үлкен ойынның» жаңа нұсқасының басталуына алып келді. Аймақ әлі де тұрақсыз болып келеді. Оңтүстікте Ауғанстан стратегиялық шиеленістің көзі болып қала береді. Аймақтың батысында Ираннан болуы мүмкін ядролық қарудың таралуы қауіп төндіреді. Орталық Азияның мемлекеттерінің ішіндегі тұрақсыздық та олармен қарым-қатынастарда сақ болу керектігін білдіреді.

Соңғы уақытта Қытайдың Орталық Азияға араласуының деңгейі көбейді. Қытай, әдетте, шығыс Азияның күші ретінде қарастырылады, өйткені оның саяси және экономикалық маңызы Қытайдың шығыс жағалауында, ол әсіресе 1970 жылдардың аяғынан бастап тез дамып келеді. Шынында да, реформа дәуірінде біраз уақыт Қытай өзінің жалпы экономикалық стратегиясында өзінің батысын елемеді. Қытай үкіметі батыстағы аймақтардың даму стратегиясын бастаған 2000-жж. басына дейін жағдай түбегейлі өзгеріссіз қалды. Қытайдың экономикасының өркендеуі күшейген сайын оның энергетикалық қажеттіліктері де өсе берді. Энергетикалық және басқа да ресурстар Қытай-Орталық Азия қатынастарының қозғаушы факторы болып табылады. Реалистік көзқарастан Қытай өз индустриясының сұранысын қанағаттандыру үшін арзан Орта Азия өнімдері мен табиғи ресурстарын пайдаланып, содан кейін Орталық Азияны өзінің өндірістік тауарларының нарығы ретінде пайдалануды мақсат етеді. Орталық Азия мемлекеттері Қытайдың аймақтағы экономикалық араласуын құптап және Қытайдың Орталық Азиядағы белсенділігінің артуы екі жаққа да тиімді. Орталық Азия елдері Қытайдың өздерінің энергетикалық ресурстарын тұтынушы ретіндегі рөлін Ресейдің аймақпен энергетикалық байланыстарының монополиялық мәртебесін бұзудың және оларға қол жетімді нұсқаларды кеңейтудің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қарастырады.

Алайда қазіргі уақытта аймаққа Қытайдың араласуы едәуір өсті және бұған Орталық Азияның мұнай мен газ қоры ғана емес, сонымен қатар ұйғыр сепаратизмі мен исламдық экстремизмнің трансұлттық қауіптері де әсер етеді.

Орталық Азияның мемлекеттері тәуелсіздік алғанынан кейін аймақтық интеграция жаңа пішінде жүре бастады. Негізінен ШЫҰ да, ҰҚШҰ да Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелерін шешу мақсатымен құрылған еді. Осындағы секьюритизациялау үдерісіндегі аймақтық бірліктер арасындағы өзара тәуелділікті аймақтағы ШЫҰ сияқты аймақтық қауіпсіздік жөніндегі форумдар бағалай алады. Олар аймақтағы негізгі қауіпсіздік мәселелеріне сәйкес келеді; яғни діни экстремистік топтардың Орталық Азиядағы астыртын қозғалыстары, сепаратистік ағымға ұласқан этно-ұлтшылдық проблемасы, сондай-ақ аймақтағы экстремистік және сепаратистік топтарға террористік топтар тарапынан моральдық және қаржылық қолдаудың болуы; сонымен қатар, Қытайдың этникалық және діни көзқарасы бойынша Орталық Азия аймағына жақын Шыңжаң провинциясындағы ұйғыр этникалық тобы көрсеткен сепаратизмнің күш-жігерінен қорқуы; ШЫҰ бұл проблемаларды «үш зұлымдық» тұжырымдамасымен бекітті.

Бұл «үш зұлымдық» - сепаратизм, экстремизм және терроризм проблемалары - халықаралық қауіпсіздікке қауіп төндіреді, олармен күресу және дамуына жол бермеу мәселесі өзекті. Олардың анықтамасы, алдын алу және жою бойынша күш-жігер «Шанхай ынтымақтастық ұйымының Жарғысында» [1] және тағы бір бөлек құжат - «Терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрес туралы Шанхай конвенциясында» [2] егжей-тегжейлі көрсетілген. Бұл екі құжатта ШЫҰ мүше-мемлекеттері басшыларының жолдауларында аталған үш проблема ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ішкі қауіпсіздігіне, сондай-ақ Орталық Азия аймағының тұрақтылығына негізгі қатер болып табылады делінген [3].

Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы Қытай елінің ішкі саясатында ерекше орын алады. Биліктің Шыңжаңға деген ерекше назарын келесі ерекшеліктер анықтайды: 1990- 2000 жылдардан бастап бүгінгі күнге дейін геосаяси, экономикалық, этникалық және басқа процестер және мәселелер өтетін аймақтардың бірі. Негізінен, ШҰАА әкімшілік жағынан ең ірі және стратегиялық маңызды шекарасы орналасқан ҚХР-дағы аумақтық бірлік болып саналады. Сондай-ақ, Қытай осы аумақ арқылы Орталық, Оңтүстік Азияға немесе батыс елдерге ең қолайлы, жақын түрде өте алады. Шыңжаңның осындай тиімді географиялық жағдайы елдің осы

аймақтардағы позициясын нығайтуға мүмкіндік береді. Яғни, ШҰАА-ның геосаяси және әскери құндылығы ҚХР-ның көршілес аймақтардағы іс-қимылдарының трамплині ретінде қарастыруға болады. Алайда, бұл территорияның Қытайдың қалған бөлігінен географиялық қашықтығы мен салыстырмалы түрде оқшаулануы орталық үкіметті оған аймақтағы саяси және экономикалық көшбасшылығын қамтамасыз ету және мемлекеттің аумақтық тұтастығын сақтау тұрғысынан да назар аударуға мәжбүр етеді [4].

Алайда дәл қазіргідей техникалық қиындықтар ұлттық азшылықтардың өкілдерін қытай тілінде оқыту кезінде туындайды, нәтижесінде олардың білім сапасы төмендейді, бұл оларға қосымша білім беруде, еңбек нарығында немесе жұмыс күшінде ойдағыдай бәсекеге түсуге мүмкіндік бермейді. Әрине, бұл этносаралық қатынастарды белгілі бір деңгейде қыздыратын тағы бір жанжал тудыратын фактор. Сондықтан, Шыңжаңдағы тіл саясаты этникалық айырмашылықтарды тегістеу, барлығын бірыңғай стандарттарға келтіру, соның ішінде тіл саласында және ұлттықты сақтау арқылы мемлекеттің тұтастығын қамтамасыз ету әрекеттері арасындағы ымыраны іздеудің кепілі болды. Шыңжаңдағы ұлтшылдық пен сепаратистік тенденциялар, билік пен экстремистер арасындағы жалғасқан жай қарама-қайшылық, бүгінде жалпы ұлттық саясаттың басым бағыты аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге айналды. Бұл құбылыстар, ең алдымен, ҚХР-ның аумақтық тұтастығына және ұлтаралық тұрақтылыққа қауіп төндіретін үлкен мәселе.

Сондықтан, соңғы жылдары ұйғыр сепаратизімімен күрес ҚХР-ның ішкі саясатында ғана емес, сонымен қатар белгілі бір дәрежеде сыртқы саясатта бірінші орынға шықты. Өйткені, ШҰАА жалпы ҚХР-ғы емес, сонымен қатар, Орталық Азия аймағындағы ауқымды мәселе болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Хартия ШОС. Шанхайская организация сотрудничества – десять лет по пути безопасности и сотрудничества. Основные документы ШОС: Сборник документов. – Астана, 2011. – С.24–34.

2 Шанхайская конвенция о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом от 15.06.2001 // Шанхайская организация сотрудничества – десять лет по пути безопасности и сотрудничества. Основные документы ШОС: Сборник документов. – Астана, 2011. – С.166–175.

3 Стамбулов С.Б. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы және аймақтық қауіпсіздік. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018. – 162 б.

4 Новичков В.С. Основные направления национальной политики в СУАР КНР после 2000 г. // file:///C:/Users/пользователь/Downloads/osnovnyye-napravleniya-natsionalnoy-politiki-v-suar-knr-posle-2000-g.pdf

МЕЖДУНАРОДНЫЕ ДОГОВОРЕННОСТИ ПО РЕШЕНИЮ ОСНОВНЫХ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ

Досова Б.А., к.и.н., ассоциированный профессор
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова,
г. Караганда

На современном этапе развития человечества важным является охрана окружающей среды. Пока в отношениях людей и природы была относительная гармония, риска для устойчивого развития окружающей среды не существовала. Но, начиная с середины XX века, позитивный диалог начинает исчезать и возникает проблема охраны окружающей среды. Поэтому вопросы экологии все больше становятся повесткой дня настоящего времени.

Глобальный экологический кризис связан с такими слагаемыми как парниковый эффект, истощение озонового слоя, деградация почв, радиационная опасность, трансграничный перенос загрязнений, истощение энергетических и других ресурсов недр планеты и т.п. Для согласованных действий по решению глобального экологического кризиса необходимо определить новые нормы и правила взаимодействия всех стран мира. А также расширять и углублять сотрудничество в сфере охраны окружающей среды. Для многих стран уже стало ясным тот факт, что экология – это отдельный аспект безопасности и ей необходимо уделить пристальное внимание.

В целом, появление экологической проблематики в политической повестке дня относят ко второй половине XX века. Пионером в этом направлении стала Великобритания, которая еще в 1956 году приняла законодательные акты, предусматривающие охрану атмосферы. С конца 1960-х годов вопрос охраны окружающей среды становится актуальным для многих стран мира. А уже в 1970-е